

Тақырып: Ғылыми зерттеудің анықтамалық аппараты, оның мазмұны және белгілері

1. Ғылыми зерттеу - педагогика саласындағы таным іс-әрекетінің ерекше формасы ретінде
2. Психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеу аппаратының негізгі компоненттері



Педагогика саласындағы ғылыми
зерттеулер:

Әр түрлі ғылыми әдістермен зерттеуге
алынған нысананың белгісіз жақтары,
қатынастары арнаулы таным іс-
әрекеті түрінде айқындалады

Зерттеудің түрлері

- **Фундаменталдық** зерттеулер: теориялық өзектілігі, заңдылықтары мен принциптерді ашу, тұжырымдамалық негіздері, тарихи, сын тұрғысынан талдау, ғылыми дәлелдігі, ғылымилығы, стратегиялық бағыт -бағдар алуы.
- **Қолданбалы** зерттеулер: оперативтік міндеттерді шешуі, жеке мәселені зерттеуге бағытталуы, тәжірибелік эксперименталдық жұмысқа сүйенуі.

Ғылыми зерттеу жұмысы дегеніміз:

- Танымдық әрекеттің бір түрі,
- Ізденіс жасау қызметі,
- Жаңаны табу әрекеті,
- Объективтік ұстанымдар және заңдылықтарды ашу іс-әрекеті
- Ғылыми дүниетанымды қалыптастыратын фактор,
- Ғылыми дәлелді қажет ететін үдеріс,
- Ғылыми –танымдық шығармашылық еңбек,
- Ғылыми объективті өзгерістер еңгізетін жағдай
- Ғалымның негізгі ісі

Ғылыми зерттеудің түсініктемелік аппараты:

- Ғылыми мәселе
- Тақырып
- Мақсаты
- Жетекші идеясы
- Нысанасы
- Пәні
- Міндеттері
- Ғылыми болжау
- Ғылыми жаңалығы
- Тәжірибелік маңыздылығы

Болжам:

- алдын ала ғылыми дәлелді сипаты бар қызметтің барысы мен нәтижесін белгілейтін ұғым
- Бұл әлі айқындалмаған, логикалық дәлелденбеген және тәжірибеден өтпеген білім.
- Болжамдағы басты талап нақты материалдармен келісілуі тиіс.
- Болжам құрылымы:
 - а) дәлелдеме
 - ә) алдын ала белгілеу сипаты
 - б) ғылыми анықтама

Болжамға қойылатын талаптары:

- логикалық анықтылығы,
- бір біріне қарсылық көрсетпеуі,
- болмыста тексерулігі,
- кең пайдалануы,
- тұжырымдылығы,
- ғылыми жаңалығы,
- тәжірибеде айқындалуы,

Жаңалық:

■ Ғылыми жаңалығы

- бұл ғылыми жұмыстың өлшемі.

- жаңа теориялық ережелер, ұстанымдар, ұсыныстар пайда болғанын дәлелдейтін ұғым.

■ Теориялық жаңалығы:

заңдылықтары, принциптері, тұжырымдамалары, болжам

■ Тәжірибелік жаңалығы:

ережелері, ұсыныстары, нұсқау, құрал, әдіс, талап

Тәжірибелік маңыздылығы :

1. Қандай өзгерістер тәжірибеге еңгізілді?
2. Не өзгерді?
3. Пайдасы неде?
4. Қалай таратуға болады?
5. Нәтижесі қалай айқындалды?
6. Басқаша өзгеруге болатын жағдайлары бар ма?

Ғылыми жұмысты қорғауға қойылатын талаптары:

- *Логикасы*
- *Нақтылығы*
- *Анықтылығы*
- *Шешімнің дәлелділігі*
- *Түсініктілігі*
- *Сенерлік болуы*
- *Қызықтығы*
- *Зерттеушінің өз - өзіне сенуі*
- *Тыңдаушылармен қарым-қатынасы*
- *Сөз байлығы, мәдениеттілігі, дауыс ырғағы, сөйлеу темпі ғылыми тілі.*

Зерттеу мәселесі:

- Мәселені анықтау – зерттеушінің білім қорына, тәжірибесіне байланысты.
- Зерттеу мәселесі шешілуге тиісті, бірақ әлі шешілмеген теориялық және тәжірибелік мүддені көздейтін күрделі танымдық міндет.
- Ғылыми мәселе - тәжірибелік әрекетті жетілдіруге ықпал жасайды.
- Ғылыми әдіс-тәсілдері, құралдарымен шешілетін қызмет.
- Зерттеу мәселесі – тәжірибенің күйін, ғылыми әдебиеттерді зерттеудің нәтижесі.

Зерттеу мәселесі тақырыпта көріну керек:

- Зерттеу тақырыбы – қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.
- ЗТ – зерттеу аумағының нақты және қысқа шектелген аспектілері.
- ЗТ – ғылыми танымның, зерделеу, түсіндіру үдерістің немесе ғылыми әдістерді қолдану арқылы педагогикалық шындықтың нақты бөлігі
- ЗТ анықтау – зерттеу қажеттілігін растау.

Педагогикалық зерттеудің бағдарламасы

Әдіснамалық бөлік	Рәсімдеу бөлімі	Зерттеу кезеңдері
<ul style="list-style-type: none">□ мәселені анықтау және негіздеу□ нысан және зерттеу пәнін анықтау□ зерттеу мақсатын анықтау□ жұмыс болжамын ұсыну□ Зерттеу міндеттерін анықтау	<ul style="list-style-type: none">□ зерттеу бағдарламасын, жоспарын құру,□ деректер жинау, өңдеу әдістерін дайындау,□ зерттеудің орнын даярлау	<ul style="list-style-type: none">□ тиянақтаушы эксперимент,□ қалыптастырушы эксперимент,□ зерттеудің нәтижесін шығару

Қорытынды сұрақтар:

- Ғылыми-педагогикалық зерттеу дегеніміз?
- Педагогикалық зерттеу әдіснаманың қажеті?
- Зерттеу принциптерін атаңыздар
- Зерттеу деңгейлерінің қажеті неде?